

«Ақмола облысы білім басқармасының Жақсы ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі
«Беловодское жалпы орта білім беретін мектебі » мемлекеттік коммуналдық мекемесі

2023-2024 оқу жылында Республикалық «Мектепке жол» акциясының өткізілуі туралы

21.08.2023жс.

2023-2024 оқу жылында аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға, Жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу мақсатында «Мектепке жол» Республикалық акциясы өткізілді. Акция ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 21 шілдедегі №6-15-2/3135-И хатын орындау мақсатында, «Ақмола облыстық білім басқармасының Жақсы ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 01 тамыздағы бұйрығына сәйкес, мектепшілік 2022 жылдың 01 тамызындағы бұйрығына сәйкес жүргізілуде. Акция «Балаларға бірге көмек берейік» ұранымен өткізілуде.

Акцияны өткізуге мектепшілік бұйрық шығарылып, «Жақсы ауданының білім бөлімі» ММ-нің «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясын ұйымдастыру және өткізу бойынша Жақсы ауданының іс-шаралар жоспарына сәйкес мектепшілік жоспар құрылды.

Жоспарға сәйкес «Қайырымдылық акциясы» туралы мектеп сайтына мектептің әлеуметтік желілердегі парақшаларына ақпараттар салынып, хабарландырулар ілінді. Ата-аналар мен оқушылар, демеушілер үшін «Мектепке жол» акциясы туралы тақырыптық баннер ілінді.

Сонымен қатар, Жақсы ауданының аудандық «Жақсы жаршысы» газетінде «Жақсылық жасау парызымыз» атты мақала жарық көрді.

Акция барысында көмекті қажет ететін оқушыларға қамқорлық жасайтын мемлекеттік органдар мен ұйымдары тартылды. Нақтысын айтсақ, Абай шаруа қожалығының басшысы Мусипова Галия Амангельдиевна осы қайырымдылық акциясына қаржылай 2 оқушыға Тілек Мейрамбек, Тілек Мұхамеджан оқу құралдарын алуға 20 мың теңге көмек көрсетті. «Виктор» шаруа қожалығының басшысы 40000 көлемінде қаржылай көмек көрсетті. Сонымен бірге «Голубь» шаруа қожалығы 20000 мың қаржылай көмек берді.

Акцияға демеушілерді тарту жұмыстары қарқынды жүргізілді. Нәтижесінде ата-аналар, мектеп қызметкерлері мен шаруа қожалықтарынан құрылған 10 -ға жуық демеуші 11 оқушыға 50 000 теңге көлемінде көмек көрсетті. Оның ішінде 4 оқушы қаржылай көмек, 1 оқушы 10 000 теңге көлемінде, мектеп сөмкесі және мектеп құралдары берілді. Мектепке жол акциясы шеңберінде биылғы оқу жылында Самрұқ қорынан 3 оқушыға Баянбек Айаруға, Естай Жанияға, Тасмағанбетова Айжанға салтанатты түрде мектеп сөмкесі оқу құралдарымен табысталды.

«Мектепке жол» акциясы аясында оқушыларға «Жалпыға бірдей білім беру» қорынан әлеуметтік қолдау шаралары көрсетілуде. Әлеуметтік қолдау

жұмыстарын ұйымдастыру мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсету Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысы, ҚР Үкіметінің 30.12.2020 № 949 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысын басшылыққа ала отырып ұйымдастырылуда.

Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметке 2 азамат жүгініп, 6 өтініш түсірді. Оның ішінде санаттар бойынша:

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар – 6 өтініш.

2) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға - өтініш.

3) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға – 0 өтініш;

4) төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға - 0 өтініш;

5) білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттары - 1 өтініш.

Келіп түскен өтініштер мектеп жанынан құрылған комиссия қарауына берілді. Комиссия отырысының шешіміне сәйкес 2 ата-ананың өтініші қанағаттандырылды. Келіп түскен өтініштер негізінде аудандық білім бөліміне сұраныс хат жіберіліп, 6 оқушы үшін бір реттік 40567 теңге көлемінде қаржылай көмек тағайындалды.

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Ата-анасының аты-жөні	Қаржылай көмек
1	Серік Дарина	10	Ахметова Д.С	40567
2	Серік Жандос	5	Ахметова Д.С	40567
3	Серік Елдар	2	Ахметова Д.С	40567
4	Баянбек Әсет	5	Болат Баянбек	40567
5	Баянбек Айдын	3	Болат Баянбек	40567
6	Баянбек Айару	1	Болат Баянбек	40567